

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 ақпандағы № 155 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 1 9 а қ п а н д а ғ ы

№ 1 5 5 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Теңіз кемелерін техникалық қадағалау мен куәландыру және оларды сыныптау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 тамыздағы № 829 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 32, 441-құжат).

2. «Теңіз кемелерінің жүк маркасы туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 тамыздағы № 689 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 28, 324-құжат).

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 тамыздағы № 829 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 тамыздағы № 690 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 28, 325-құжат).